

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың өлшемшарттары мен тексеру парағын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 9 тамыздағы № 399 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 9 тамыздағы № 147 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 16 тамызда № 33286 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 297 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2024 жылғы 24 маусымдағы № 36 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 14.06.2024 № 297 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.06.2024 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса берілген:

1) осы бірлескен бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы
есепке алу жөніндегі комитеті

_____ А. Куантыров

_____ С. Нурбек

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
2023 жылғы 9 тамыздағы
№ 399 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 9 тамыздағы
№ 147 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5 және 6-тармақтарына, 143-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі – Заң), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577) бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес әзірленді.

2. Осы өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) бақылау субъектісі (объектілері) – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары;
- 2) елеусіз бұзушылық – мемлекеттік органдардың қызметінде, мемлекеттік тілге қойылатын талаптарды сақтамау бөлігінде, мемлекеттік органдардың мөрлері мен мөртаңбаларының мәтіндерінде тілді қолдану саласындағы Заңда, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу қоғамдық қатынастарға әсер етпейді;

3) елеулі бұзушылық – мемлекеттік органдардың қызметінде тілді қолдану саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу, жазбаша нысанда мәмілелер жасау кезінде мемлекеттік тілдің қолданылмауы, мемлекеттік тілдегі мемлекеттік ақпараттық жүйелерді материалдармен толтыру жөніндегі талаптарды сақтамау бөлігінде;

4) мемлекеттік органдардың қызметінде тілді қолдану саласындағы заңнаманың сақталуына тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – жеке тұлғалар мен мемлекеттің заңды мүдделерін бұзатын салдарлардың туындау мүмкіндігіне байланысты тілді қолдану саласындағы тәуекел дәрежесіне қарай бақылау субъектілерін іріктеу үшін тілді дамыту саласындағы уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар пайдаланатын тілді қолдану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

5) мемлекеттік органдардың қызметінде тілді қолдану саласындағы заңнаманың сақталуына тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) - нақты бақылау субъектісі қызметінің нәтижелеріне қарай бақылау субъектілерін іріктеу үшін тілді дамыту саласындағы уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар пайдаланатын тілді қолдану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

6) өрескел бұзушылық – мемлекеттік органдардың қызметінде тілді қолдану саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу, статистикалық-есеп, қаржылық және техникалық құжаттамалардың мемлекеттік тілде жүргізілмеуі, жеке тұлғаның өтініштеріне қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде берілмеуі, іс қағаздарын жүргізуде мемлекеттік тілді қолданбауы, мемлекеттік органдардың актілерін мемлекеттік тілде әзірлеу және қабылдау жөніндегі талаптарды сақтамау, лауазымды тұлғаның мемлекеттік тілді білмеуін уәж етіп жеке және заңды тұлғалардың құжаттарын, өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ оларды мәні бойынша қарамауы, деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру жөніндегі талаптарды бұзуы, жеке тұлғалардың тіл таңдау құқықтарын шектеуі, тілдік белгілері бойынша кемсітуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы бақылау субъектілерінде расталған шағымдар мен өтініштердің болуы бөлігінде;

7) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде жеке тұлғаның заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

8) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін

шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату процесі;

9) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы жеке тұлғаның, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатырған төндіруге алып келетін талаптар тізбесі.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тәуекелдің орта дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектісіне қатысты қолданылады.

4. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес реттеуші мемлекеттік органның немесе жергілікті атқарушы органның бірінші басшысының бұйрығымен бекітілген, жүргізілген талдау мен бағалау нәтижелері бойынша жартыжылдыққа қалыптастырылатын тізімдер негізінде жүргізіледі, тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйелерінде жартыжылдық тізімдерді автоматты режимде қалыптастыру жағдайын қоспағанда.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізу тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің ең жоғары көрсеткіші бар бақылау субъектісінің (объектісінің), басымдығы ескеріле отырып жасалады.

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

6. Объективті өлшемшарттарды анықтау тәуекелді анықтау арқылы жүзеге асырылады.

7. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің орташа дәрежесіне келесі бақылау субъектілері жатады:

1) статистикалық-есеп, қаржылық және техникалық құжаттаманың мемлекеттік тілде жүргізілмеу бөлігінде;

2) жеке тұлғаның өтініштеріне қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде берілмеу бөлігінде;

3) іс қағаздарын жүргізуде мемлекеттік тілді қолданбау бөлігінде;

4) мемлекеттік органдардың актілерін мемлекеттік тілде әзірлеу және қабылдау жөніндегі талаптардың сақталмауы бөлігінде;

5) мемлекеттік органдарда жыл ішінде тіл туралы заңнама талаптарының сақталуына үш және одан да көп тексеру жүргізіледі;

6) осы бақылау субъектілерінің мемлекеттік органдарының қызметіне не әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) бір жыл ішінде үш және одан да көп расталған шағым түскен;

7) мемлекеттік органдардың қызметінде тілді қолдануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясымен және өзге де заңдарымен мемлекеттік органдарға жүктелген өзге де функцияларды орындауға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар;

8) лауазымды тұлғаның құжаттарды, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ оларды тілді білмеу себебінен мәні бойынша қарамауы;

9) деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру жөніндегі талаптарды бұзу бөлігінде;

10) жеке тұлғалардың тіл таңдаудағы құқықтарын шектеу, тілдік белгілері бойынша кемсіту.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу мақсатында субъективті өлшемшарттар қолданылады.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

8. Бақылау субъектісін (объектісін) тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін Өлшемшарттардың 5-тармағына сәйкес тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Мемлекеттік орган осы Өлшемшарттарға қосымшаға сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тиісті көздерден ақпарат жинайды және деректер базасын қалыптастырады.

9. Субъективті өлшемшарттар келесі кезендерді қолдана отырып анықталады:

1) ақпараттар жинау;

2) ақпараттарды талдау және бағалау дәрежесі.

10. Ақпараттарды жинау тілдерді қолдану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзған тексеру субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалауға келесі ақпараттар көзі қолданылады:

1) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

2) тексеру субъектілері ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

3) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау;

4) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны.

11. Субъективті өлшемшарттар тексеру парақтарының талаптары негізінде әзірленеді, олардың сақталмауы тіл саласындағы заңнаманың сақталуына тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарына сәйкес бұзушылықтың белгілі бір дәрежесіне сәйкес келеді. Әрбір талапқа қатысты тексеру парақтарынан бұзушылық дәрежесі: өрескел, елеулі және елеусіз болып айқындалады. Бақылау субъектілері қызметінің тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары осы Өлшемшарттардағы қосымшада баяндалған.

12. Осы Өлшемшарттардың 3-тарауына сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын негізге ала отырып, 0-ден 100-ге дейінгі шкала бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) тәуекелдің орташа дәрежесіне тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ке дейін қоса алғанда.

13. Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау елеулі және елеусіз дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7,$$

қайда:

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтар саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3,$$

қайда:

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша елеулі және елеусіз бұзушылықтар көрсеткіштерін жинақтау жолымен айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n,$$

қайда:

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші. Жалпы көрсеткіштің алынған мәні кәсіпкерлік субъектісін осы Өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес белгілі бір тәуекел дәрежесіне жатқызуға негіз болып табылады.

14. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалады, бірақ жылына екі реттен жиі емес.

4-тарау. Тәуекелдерді басқару

15. Бақылаудың адал субъектілерін көтермелеу және бақылауды бұзушыларға шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) субъективті өлшемшарттарды қолдану арқылы реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізуден босатылады.

5-тарау. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ерекшелік пен құпиялылықты ескере отырып, ақпараттық жүйелерді пайдаланатын мемлекеттік органдар үшін тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері

16. Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі Бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу тізімдерін қалыптастыратын Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқау қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, оларға қатысты профилактикалық бақылау жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең төменгі жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір

саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

Қосымша
Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың өлшемшарттары

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласында тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

№	Субъективті өлшемшарттар	Бұзушылық деңгейі
1. Субъектіге (объектіге) алдыңғы тексерулер		
1	Статистикалық-есеп, қаржылық және техникалық құжаттамалардың мемлекеттік тілде жүргізілмеуі	өрескел
2	Жеке тұлғаның өтініштеріне қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде берілмеуі	өрескел
3	Іс қағаздарын жүргізуде мемлекеттік тілді қолданбауы	өрескел
4	Мемлекеттік органдардың актілерін мемлекеттік тілде әзірлеу және қабылдауы жөніндегі талаптардың сақталмауы	өрескел
5	Лауазымды тұлғаның мемлекеттік тіл білмеуін уәж етіп жеке және заңды тұлғалардың құжаттарын, өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ оларды мәні бойынша қарамауы	өрескел
6	Деректемелер мен көрнекі ақпаратты мемлекеттік тілде орналастыру жөніндегі талаптарды бұзу	өрескел
7	Жеке тұлғалардың тіл таңдау құқықтарын шектеу, тілдік белгілері бойынша кемсіту	өрескел
8	Жазбаша нысанда мәмілелер жасау барысында мемлекеттік тілдің қолданылмауы	елеулі
9	Мемлекеттік органдардағы мөрлер мен мөртабандар мәтіндерінде мемлекеттік тілге қойылатын талаптардың сақталмауы	болмашы
2. Бақылау субъектісі ұсынатын, оның ішінде мемлекеттік органдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері		

1	Мемлекеттік органдардағы шығыс құжаттарын рәсімдеуде мемлекеттік тілді қолданбауы	өрескел
3. Мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын талдау		
1	Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді мемлекеттік тілдегі материалдармен толықтыру бойынша талаптардың сақталмауы	елеулі
4. Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны		
1	Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы бақылау субъектілерінде расталған шағымдар мен өтініштердің болуы	өрескел

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
2023 жылғы 9 тамыздағы
№ 399 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 9 тамыздағы
№ 147 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы тексеру парағы

_____ мемлекеттік органдарға қатысты

_____ Мемлекеттік орган бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық

_____ бақылауды тағайындайтын мемлекеттік орган

_____ субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау/ тағайындау туралы акт

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірін тексеру/ бару арқылы профилактикалық бақылау _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

	Талаптар тізбесі	талаптарға сәйкес келеді	талаптарға сәйкес келмейді
1	Статистикалық-есеп, қаржылық және техникалық құжаттамалардың мемлекеттік тілде жүргізілмеуі		
2	Жеке тұлғаның өтініштеріне қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде берілмеуі		
3	Іс қағаздарын жүргізуде мемлекеттік тілді қолданбауы		
4	Мемлекеттік органдардың актілерін мемлекеттік тілде әзірлеу және қабылдауы жөніндегі талаптардың сақталмауы		
5	Лауазымды тұлғаның тіл білмеуін уәж етіп жеке және заңды тұлғалардың құжаттарын, өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ оларды мәні бойынша қарамауы		
6	Деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру жөніндегі талаптарды бұзуы		

7	Жеке тұлғалардың тіл таңдау құқықтарын шектеу, тілдік белгілері бойынша кемсітуі		
8	Жазбаша нысанда мәмілелер жасау барысында мемлекеттік тілді қолданбауы		
9	Мемлекеттік органдардағы мөрлер мен мөртабандар мәтіндерінде мемлекеттік тілге қойылатын талаптардың сақталмауы		
10	Мемлекеттік органдардағы шығыс құжаттарын рәсімдеуде мемлекеттік тілді қолданбауы		
11	Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді мемлекеттік тілде материалдармен толықтыру бойынша талаптардың сақталмауы		
12	Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы бақылау субъектілерінде расталған шағымдар мен өтініштердің болуы		

Лауазымды адам (адамдар) _____

лауазымы қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы _____

лауазымы қолы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

